

## 2021 жыл кітаптар



### Ә.М. Болтаева Мотивация психологиясы

Оқу құралы автордың жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесіндегі бірнеше жылдар бойы жүргізген дәрістері мен тәжірибелік сабақтары барысында өңделген ақпарат көздерінің негізінде жинақталған.

Кітаптың мазмұнында мотивация туралы көзқарастар, оның зерттеу тарихы, түрлері, механизмдері, онтогенетикалық даму кезеңдері, тұлғалық және кәсіби мотивация, қарым-қатынас мотивтері мен оқу мотивациясының ерекшеліктері жан-жақты ашылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары мен пән оқытушыларына, тәжірибелік саладағы психолог мамандарға арналып жазылған.

### Бекжігітова Камшат Өмірдің мәні

Жұмыр жердің бетіндегі тірі жанның бәріне әйтеуір бірдеме жетпейді. Біреуге ақша мен дәулет қат, енді біреу қуаныш пен мейірімге зәру. Әркім тірліктен өз жоғын іздеп өтеді. Түсіне білгенге, адамның бәрі – жоқшы. Тапқандар бар, таппағандар одан көп. Таным-түйсік, бағдар –бағыттары әртүрлі болғанымен, жоқ іздеген адамның бәрі – бір топқа жатады. Олар өзін-өзі іздегендер.

Адам өзін тапқанда, жанына жылылық ұялайды, көңілі тыншиды.

Мына жарық дүниеге мүлде басқа көзбен қарайды. Нағыз бақыттың не екенін түсінеді. Бақыттың дәмін сезеді. Бақыт құшағына бөленеді.

Ал мұның кілті – осы кітаптың ішінде.





## Роберт Грин Билік баспалдақтары немесе құдіретті болудың 48 қағидасы

Американың әйгілі журналист-жазушы Роберт Гриннің «Билік баспалдақтары немесе құдіретті болудың 48 қағидасы» («48 законов власти») атты тамаша туындысы әлдеқашан әлемдегі тартымды кітаптар қатарына енген. Оның оқырманға үйретері көп, әсіресе, билік тізгінін қолыма алсам деген талапкерге таптырмайтын тағлымды еңбек.

Сондықтан тәуелсіздікпен бірге өзін-өзі билеу еркі де қолына тиген қазақ азаматтарына бек пайдасы тиер деген ниетпен ұсынып отырмыз.

Билікке жетудің, құдіретті болудың әлем тәжірибесімен әдіптелген 48 қағидасы сіздің қолыңызда – оқыңыз, ойланыңыз, сараптаңыз, үйреніңіз.

Таңдау – сіздің патша көңіліңізде.

## Луиза Хей Өмірің – өз қолыңда

Сана мен тән бір-бірімен байланысып жатыр. Егер тәнің ауырса, оның басты себебін санадан іздеген жөн. Ойыңыз өзгермей өзіңіз де өзгере алмайсыз. Кітаптың басты идеясы осы. Бұл ойдың ақиқатына кітап авторының өмірі дәлел. Луиза Хей жазылмайтын жаман ауруға шалдығады. Медицина дәрменсіз. Өз өмірін өз қолына алған Луиза алдымен жаман ойдан арылады, сосын жаман ауру да жөніне кетеді. Луизаның әңгімесі әлемге тарап, осы кітабы отыздан аса тілге аударылып, 50 миллион данамен сатылады.



## Ұлы дала тұлғаларының даналық сөздері Цитаталар жинағы



Бұл кітапта көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі еліміздің аса белгілі тарихи тұлғаларының, оның ішінде ойшылдардың, би-шешендердің, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің еңбектерінен іріктелінген нақыл сөздер беріліп отыр.


Кітап әдебиеттанушыларға, мәдениеттанушыларға, журналистерге, саясаткерлерге, сондай-ақ қазақ мәдениеті мен тарихына үлкен қызығушылығы бар барша оқырман қауымға арналады.

## Мақпал Болат Тыныс пен дем

Белгілі журналист, мотиватор Мақпал Болаттың назарларыңызға ұсынылып отырған «Тыныс пен дем» атты психологиялық кітабын тың дүние деп бағалауға әбден лайық. Автор өз-өзін бірнеше жыл бойы терең зерттеген. Кітапта сол зерттеуден түйгендерімен бөліседі. «Тыныс пен демнің» ерекшелігі осында. Автордың психологияға емес, даналыққа көбірек жүгінгенін де аңғару оңай. Сонымен қатар, адам жарық дүниеге келген күннен бастап ақтық демі тоқтағанға дейінгі өмір соқпағындағы қуаныш пен қайғыны, жалпы барлық кезеңдерді, сәттерді, оқиғаларды қабылдап, босатушы екендігін ұқтырады. Кітаптан адам өз тағдырынан ешқайда қашып құтыла алмайтындығын, түбінде қабылдау арқылы ғана еркіндікке ие болатындығын түсінесің. Автордың айтпағы – адам жан тыныштығына, абсолютті бақытқа тек өмірін, өзін, өзгелерді қабылдау арқылы ғана жетеді.







## Досжан Сәуле Біртуар

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы Сәуле Досжанның бұл кітабы ұлттық намыстың үлгісіне айналған қазақ батырының біздің замандағы дара бейнесі – Жақсылық Үшкемпіровтің өмірінен жазылған.

Егер Сіз Отансүйгіш, намысты, қаһарман ұл өсіргіңіз келсе – «БІРТУАРДЫ» оқыңыз.

Егер Сіз қазаққа елдің атын апанға шығарып, әлемге танытатын жеткіншегіңіз болғанын армандасаңыз – «БІРТУАРДЫ» оқыңыз.

Егер Сіз ұрпағым үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын, бауырға қамқор, досқа адал, отбасында абзал ӘКЕ, ардақты жар болатын азамат өсіргіңіз келсе – «БІРТУАРДЫ» оқыңыз.

Осы романның ішінен осындай асыл бейнені тәрбиелеу жолын көріп, келешегіңізге үлгі етіп, балаңыздың баласына қалдырар кітап осы – «БІРТУАР».

## Нұрилла Бектемірова Күн түнекті сейілтеді

Жазушы бұл жинағына соңғы кезде жазылған хикаяттар мен әңгімелерін енгізіп отыр. Барлық шығармаларының басты кейіпкерлері – жанымызда тіршілік етіп, қарым-қатынас жасап жүрген адамдар. Қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ішкі жан сезімі, шынайы махаббаттары, іс-әрекеттері, толғаныстары, боямасыз өмірлері оқыған адамды бей-жай қалдыра алмайды. Әрбір шығарманың мазмұнында оқыған адамды ойландыратын тәлім-тәрбиелік мәні бар түйін жатыр. Ұзақ ғұмыр көшінде абайсызда адасқан кейіпкерлердің жан күйзелісінің куәсі болып, мінез-құлықтарына үңіліп, көп жағдайға қанық боласыз. Адамның жан әлемінде болатын күрделі психологиялық құбылыстармен қатар шынайы махаббат, мөлдір сезім, жан тазалығы, адалдық сияқты ұлы болмыс құдіреті айшықты суреттелген. Жақсылыққа қуанасыз, жаманшылыққа жаныңыз қамығады. Түнді сейілтп, Күн шығатыны өзгермейтін құбылыс. Осы қағидамен жер бетіндегі тіршілік жалғасып келеді.

Жазушының бұл шығармаларының оқырмандарға берер тағылымы мол. Жинақ қалың көпшілікке арналған.



## Жолтай Жұмат-Әлмашұлы Сөз жұпары

Қазақ оқырманына кеңінен танымал қаламгердің бұл кезекті кітабы тәуелсіздік жылдарындағы ізденістің жемісі. Мұның жазылу формасы да, айтар ойы да барынша соны.

«Ақыл аристократы» - негізінен ой-толғамдар мен пәлсапалық түйіндердің топтамасы. Қаламгер әдебиет-философия-иман-өмір деген тіршілік дінгеңктерін қатар ала отырып, сөз кестелеп, ой әлеміне жетелейді.

«Екі ғасыр арасында» - әр кездерде жазылған, өмір туралы және замандастар жайлы ой-толғамдар шоғыры.

Кітап жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.







## Нурбай Бектурсынов 100 казахских батыров

Древние кочевники с молоком матери впитывали незыблемую истину: можно лишиться богатства, имущества, но никогда – ни пяди своей земли! Значит, защита Отечества пришла к нам от далеких предков, и охрана его – святая святых всех живущих на этой земле. «В трудное время собраться для войны, выйти навстречу врагу или отправиться в далекий конный поход было для них первым делом, главным в жизни», – с восторгом писали о наших предках древние историки. Во все века предводители и батыры – военные вожди волею обстоятельств становились во главе этих кровопролитных противостояний. Они олицетворяли лучшие черты своего народа – ум, любовь к Отечеству, мужество и бесстрашие в борьбе с противником. Своими благородными помыслами и свершениями такие люди подали современникам и потомкам вдохновляющий пример беззаветного служения Родине, готовности защищать честь и национальное достояние народа. Имена Абулхайр хана, Абылай хана, Кабанбай батыра, Богенбай батыра, Наурызбай батыра становились общенациональными символами.

## Вадим Зеланд Трансерфинг реальности I – V ступени

Реальность существует независимо от вас...

До тех пор пока вы с этим согласны. Трансерфинг – это управление реальностью. В этой книге идет речь об очень странных и необычных вещах. Все это настолько шокирует, что не хочется верить. Но ваша вера и не потребуется. Имеются методы, с помощью которых вы сможете все проверить сами. Вот тогда ваше привычное мировоззрение рухнет. Все мы так или иначе находимся во власти обстоятельств. Желания не исполняются, мечты не сбываются, зато худшие ожидания, как назло, оправдываются. Неужели нельзя наоборот? Оказывается, можно. И вы узнаете, как. Трансерфинг – это технология управления реальностью. Несмотря на всю фантастичность идей, изложенных в книге, они уже нашли практическое подтверждение. Те, кто пробовал заниматься Трансерфингом, испытали удивление, граничащее с восторгом. Окружающий мир трансферера непостижимым образом меняется буквально на глазах. Здесь нет места мистике – это реально.



**Ержан Жаубай**  
**Нүргүл Молдабайқызы**  
**Қазақтың жазылмаған психологиясы**



Қолдарыңыздағы психологиялық-талдау бұған дейін көп қаламгер бара қоймаған тың тақырыпқа арналған еңбек. Бұл еңбекте халқымыздың сан ғасырлық дүниетанымының қорытындысы, өзегі болған салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары, ырым-тыйымдарының психологиялық астарына ғылыми тұрғыда талдау жасалды. Соның негізінде ұлтымыздың бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарап, ерекше мән бергені, әр салтында, әр ойынында психологиялық терең астар жатқаны нақты көрініс тапқан.

Еңбек психология, педагогика саласының мамандарына, білім алушыларына, сондай-ақ жалпы оқырманға арналған.

**Роберт Кийосаки**  
**Шэрон Л.Лектер**  
**Бай әке,**  
**Кедей әке**

Бай ата-аналар балаларын неге үйретеді – кедей ата-аналар балаларын неменеге үйретпейді!


Бұл кітап балалардың ең басты оқытушылары – бүкіл әлемдегі ата – аналарға арналады.

Әрине бұл кітаптың өз оқырмандарын желілік маркетинг пен тікелей сауда саласында табыс табу жолында жүрген адамдар арасынан табары сөзсіз. Көптеген жанның ақша сауаттылығын қажет ететіні белгілі.

Әлемдік бестселлерге айналған осы кітап сол мәселені шешудің нақты құралы екендігін сатылым тиражының өзі-ақ айқындайды.







## Брайан Трейси Табысқа талпын

1,5 млн тиражбен сатылған халықаралық бестселлер кітаптың авторы Брайан Трейси уақытты жоспарлау мәселесін қырық жылдан аса уақыт зерттеп, осы тақырыпта қалам тербеген Питер Друкер, Алек Макензи, Алан Лакейн, Стивен Кови және өзге де жазушылардың еңбектерін, сонымен қатар, жеке өнімділік тақырыбы аясында жүздеген кітап пен мыңдаған мақаланы оқып шығып, осынау үлкен еңбегінің арқасында қолыңыздағы кітапты жазып шыққан. Осы кітапты оқи отырып, сіз де өміріңізге үлкен өзгеріс енгізе алатыныңызға сенімдіміз.

Еңбекте жетілуді және өміріне өзгеріс енгізуді қалайтын студенттерге, қызметкерлерге, үйде отырған аналарға, кәсіпкерлерге де қатысты нақты, практикалық кеңестер берілген. Бұл кітаптың тағы бір ерекшелігі – сізге нақты не істеу керектігін көрсетеді.

Кітап барша оқырман қауымға арналады.

## Энтони Роббинс Өзінді өзің жетілдір

Энтони (Тони) Роббинс 1960 жылы дүниеге келген америкалық дем беруші шешен, бизнес-тренер. Ол өзін-өзі дамытуды бағытында өнімді еңбек етіп, түрлі семинарларда, әлеуметтік желіде берілетін аудио бағдарламаларда жеке тұлғаның дамуы туралы мотивациялық дәрістер жүргізеді.

Өзін Ралф Уордо Эмерсон мен Дейл Карнегидің ізбасары санайды. Алғашқы кітабы «Книга о власти над собой» 1987 жылы шыққан.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

